



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



№10 6 шілде 2020 жыл дүйсенбі

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

Педагогикалық кеңес 1

Жолың болсын, жас маман! 2

Ұлттық тәуелсіз бағалау 3

Белсенді өмір - ұзақ ғұмыр 4

Медицина қызметкерлерінің кәсіптік мерекесі 5

21 маусым - Халықаралық әкелер күні 6

Қашықтықтағы іс - шаралар 7

Құттықтаймыз! 8

Құттықтаймыз!

8



«Жылдың үздік ұстазы» атты Республикалық байқауына колледж оқытушысы З.С. Ескебекова қатысып, жеңімпаз атанып, «Жылдың үздік ұстазы» төсбелгісімен марапатталды.



Болашақ мамандарға білім мен тәрбие берудегі жетістіктері мен колледждегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны, Әдістемелік мектептің ұйымдастырумен өткізілген «Ұлағатты ұстаздардан үлгі аламыз» атты қорытынды есеп беру кешінде мәнді шығармашылық жұмыс көрсеткені үшін колледж оқытушылары А.Р.Байбулекова; Н.Б.Бердіш, А.К. Коконбаева, Г.С.Токкулиева, А.Б. Амангелдиева, Н.А. Касымов Мақтау қағазымен марапатталды.



Болашақ мамандарға білім мен тәрбие берудегі жетістіктері және жас маманға үздік әдістемелік көмек көрсетудегі еңбегі үшін Әдістемелік мектептің ұйымдастыруымен өткізілген «Ұлағатты ұстаздардан үлгі аламыз!» атты қорытынды есеп беру кешінде Б.С. Мадимарова, Н.Ж. Абдраимова, Э.Ж. Кудебаева, Ж.Р. Алтынбекова, Н.Е. Джампеисова, А.А. Бөпеева, Ұ.Е. Дүйсембаева, А.Т. Кобегенова, О.А. Махамбетова, Р.Д. Мухажанова, А.Н. Өскенбаева, А.Т. Парманова, Л.Б. Саурбаева, А.С. Ташмағанбетова, Ж.А. Тоқташова Алғыс хатпен марапатталды.



«SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ Жамбыл облыстық филиалының Құрмет грамотасымен колледж оқытушылары Э.Ж. Кудебаева, Р.Т. Нурбаева, С.Г.Бибосынова, А.Қ.Баетова, Б.Б.Блейменова, Ж.С.Жарасова Ф.Д.Тұрмысова, А.Д. Бахаева, М.Т.Досжанова, Ш.М. Нурпейсова марапатталды.



"Ұлттық денсаулық сақтау палатасы» жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің Жамбыл облысы бойынша филиалы Құрмет грамотасымен колледж оқытушылары Тұрмысова Ф.Д. Серкебаева А.К., Даулетов А.М., Джантасова Р.О., Ералиев М.Л. марапатталды.



2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша орта буын медициналық және фармацевтикалық мамандарды даярлауда және тәрбие беруде елеулі үлес қосқаны үшін, кәсіби шеберлігі, еңбекқорлығы, өз ісіне деген адалдығы үшін «Үздік ашық сабақ» номинациясымен Ж.А.Токташева, Л.Б. Саурбаева, Ұ.Е.Дүйсембаева; «Үздік үйірме – 2020» номинациясымен А.Р.Байбулекова; «Үздік облыстық іс-шара – 2020» номинациясымен Ж.Б.Бегалиев, Б.А.Сагиндыкова; «Үздік жас маман -2020» номинациясымен Н.Б. Бердіш, А.К. Коконбаева; «Үздік тәрбие жұмысы - 2020» номинациясымен А.Т. Кобегенова Дипломдармен, «Ақпараттық технологияны пайдалану шебері» номинациясымен А.К. Кудайбергенова Мақтау қағазымен марапатталды.



Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <http://mc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> https://www.instagram.com/zhm_k_zhambyl.kz



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№10 6 шілде 2020 жыл дүйсенбі



№10 6 шілде 2020 жыл дүйсенбі

Педагогикалық кеңес 1

Күн тәртібінде:

1. Күндізгі бөлім «Мейірбике ісі», «Емдеу ісі», «Фармация» мамандықтары бойынша диплом алдындағы тәжірибенің

қорытындысын сараптау.

Жауапты: директордың оқу-тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Қ.Т.Андакулова

2. Күндізгі бөлім «Мейірбике ісі», «Емдеу ісі», «Фармация» мамандықтары бойынша мемлекеттік емтиханның қорытындысын сараптау.

Жауапты: кешенді мемлекеттік емтихан төрағалары, төрайымдары.

3. 2019-2020 оқу жылындағы оқу-тәжірибе жұмысының сараптамасы және қорытындысы.

Жауапты: директордың оқу-тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Андакулова Қ.Т.

4. 2019-2020 оқу жылындағы оқу – әдістемелік жұмысының сараптамасы және қорытындысы.

Жауапты: директордың оқу – әдістемелік кабинет меңгерушісі Иманбекова Ж.Б.

5. 2019-2020 оқу жылындағы орта буын медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жұмысының сараптамасы және қорытындысы.

Жауапты: директордың орта буын медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінің меңгерушісі Ф.Д.Тұрмысова.

6. 2019-2020 оқу жылындағы оқу-тәрбие ісі жұмысының сараптамасы және қорытындысы.

Жауапты: қабылдау комиссиясының хатшысы Л.Т.Қуанышбекова.

Жолың болсын, жас маман! 2

Үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасын, биіктерге шырқа! Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол! Алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте беруіне тілектеспіз! Барлығы 484 жас маман дипломға ие болып, оның ішінде 28 жас маманға үздік диплом табыс етілді.

Ұлттық тәуелсіз бағалау 3

2019-2020 оқу жылындағы тәуелсіз бағалау емтиханы қашықтықтан екі этапта өткізілді. Бағалауды "Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы" өткізді. Біздің түлектердің "Емдеу ісі", "Фельдшер" біліктілігі бойынша сапа көрсеткіші -97%, "Емдеу ісі", "Акушер" біліктілігі- 94,4%, "Мейіргер ісі", "Жалпы тәжірибедегі мейіргер" біліктілігі -97,4 %. "Фармация" мамандығы тек қана бірінші этапқа қатысып 98 % сапаны көрсетті. Жалпы колледж көрсеткіші - 96,7%.

Белсенді өмір - ұзақ ғұмыр 4



Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Жүректен жүрекке» волонтерлар қозғалысы COVID-19 вирустық жұқпасының жаппай таралуының алдын алу және болдырмау мақсатында «Белсенді өмір – ұзақ ғұмыр!» тақырыбында челлендж ұйымдастырды.



Медицина қызметкерлерінің кәсіптік мерекесі 5

Ардақты ақхалатты абзал жандар! Сіздерді кәсіптік мерекелеріңіз - медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Адам өміріне арашашы абзал жандарды тел мерекелерімен құттықтай отырып, отбасыларына амандық, дендеріне саулық тілей отырып, кәсіби біліктіліктеріңіздің арқасында биік асулардан көріне беріңіздер деген тілегімді білдіремін.



Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры: Сарыбекова Ж.Н.

25.06.2020 жылы №3 жалпы білім беру және ізгілендіру ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен медицина күніне орай «Ақ халатты абзал жандар» атты мерекелік іс-шара өткізді. Кешті колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова ұжымды кәсіби мерекемен құттықтап, Медицина қызметкерлері күніне байланысты дәрігер – оқытушыларды мақтау қағаздарымен марапаттады. соңында кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.М. Мураталиева медицина қызметкерлеріне кәсіподақ ұйымы атынан сыйлықтар табыс етті.



22.06.2020 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжі тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Медицина кәсібі – мамандықтың асылы» тақырыбында қашықтықтан тәрбие сағаты өткізілді.



21 маусым - Халықаралық әкелер күні 6



22.06.2020 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжі тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 21 – маусым халықаралық әкелер күніне орай, «Қазақстан Әкелер одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Тараз қаласы мен Жамбыл облысы бойынша өкілі Оспанов Марат мырзамен сұхбат өткізілді.



22-маусым 2020 жылы, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен әкелер күніне орай, «Әкемен бірге» бейнеролик.



20.06.2020 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжі тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Әке – асқар тау» тақырыбында қашықтықтан тәрбие сағаты өткізілді.

Қашықтықтағы іс - шара 7



23.06.2020 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжі тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында қашықтықтан тәрбие сағаты өткізілді.